

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т.І, Ч.ІІ.- Б.111-114.

ӘОЖ: 639.2:639.11.9(574.2)(045)

ГЕЛЬМИНТЕРГЕ ШАЛДЫҚҚАН ҚОЙ ЕТТЕРІН ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ САРАПТАУ

*Жанабекова Ж.Ш., 2 курс магистранты,
Ғылыми жетекші Тлеулесов Р.Б., -Ветеринария ғылымдарының
кандидаты, аға оқытушы
С.Сейфуллина атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.,*

Қой малының гельминтоздары малдың барлық класының өнімділігіне әсер етеді және жайылымдық малдардың өнімділігін шектейтін маңызды аурулардың бірі болып табылады. Жануарлардың гельминтоздары Гельминтология саласындағы жетістіктерге қарамастан, әлі де кең кеңістікке ие және мал шаруашылығына орасан зор экономикалық зиян келтіреді, ал олардың кейбіреулері адам денсаулығына қауіп төндіреді. Соңғы онжылдықта бұл инфекциялардың диагнозына назар аудару инфекцияның бар/жоқтығын анықтаудан оның өндіріске әсерін анықтауға көшті [1,2].

Ветеринарлар өз жұмысының экономикалық аспектілерін көбірек ескеруі керек және шешім қабылдау процесін жақсарту үшін осы сынақтарды қолдану енді экономикалық бағалау шеңберіне енгізілуі керек [3,4].

Бүгінгі күні гельминтозбен күресу үшін кең спектрі жоғары тиімділігі бар антигельминталық препараттардың үлкен арсеналы ұсынылды [5,6].

Жұмыстың мақсаты: Зерттеудің мақсаты «Ақмола облысы бойынша гельминтозбен залалданған қой еттерін ветеринариялық-санитариялық сараптау» болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері: Сынамаларды сезімдік зерттеулерге Виг Шанхай аумағындағы мал базарында орналасқан «Ветеринарлық санитарлық сараптау» зертханасы, ал зертханалық және микробиологиялық көрсеткіштерге "Ветеринария бойынша ұлттық референттік орталығы" аумағындағы "Тағам өнімдерін талдау" зертханалары базасында жүргізілді. Ақмола облысы, Шортанды ауылынан 10 бас қой, Ақмола облысы, Ақкөл ауылынан 15 бас, Ақмола облысы, Аршалы ауылы 6 бас қой келіп түсті зерттеулер осы қойларға жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеу сынамалары Ақмола облысы, Шортанды ауылы., Ақмола облысы, Ақкөл ауылы., Ақмола облысы, Аршалы ауылдарынан келген қойлар. Тәжірибеде жалпы зерттелген 31 ұшаның 25 ұшасында сезімдік зерттеу көрсеткіштері талаптарға сәйкес келсе, ал 6 ұшада сезімдік зерттеулері нәтижесінде беті сәл ылғалды, жабысқақ, ет тілігіне сүзгіш қағазды жапсыру барысында таңба қалады, сонымен қатар серпімділігі орташа, саусақпен басқандағы шұңқыршақ орны 1 минут ішінде қалпына келеді, ет тілігінде қышқыл иісті, жағымсыз, сіңірдің жағдайы жылтыр серпімділігі нашар, аздап босаған, күңгірт түсті, буын беткейлерінде сәл кілегей байқалды (1-кесте).

Зертханалық зерттеулерде 25 ұшадан бірен-саран микроб денешіктері кездесе, Аршалыдан келген 6 ұшаның зертханалық зерттеулер көрсеткіштері талаптарға сәйкес келмеді және 3 ұшадан эхинококкоз құрттары табылды (2-кесте).

Сонымен қатар ауытқулары бар ұшаларға одан әрі зерттеу жұмыстарын жүргіздік (3-кесте).

Салыстырмалы түрде сау және сау емес 3 ұшаға микробиологиялық зерттеулер жүргіздік. Микробиологиялық зерттеулер КМАФАнМ бактериялар саны нәтижесінде 5 ұшада $0,1 \times 10^6$; e.coli сапалық көрсеткіш бойынша таза; Staphylococcus сапалық көрсеткіш бойынша таза; 3 ұшада КМАФАнМ бактериялар саны $1,5 \times 10^3$; e.coli сапалық көрсеткіш бойынша таза емес; Staphylococcus сапалық көрсеткіш бойынша таза емес (4-кесте).

1 кесте - Сезімдік зерттеулер

№	Көрсеткіштер	Ақмола облысы, Шортанды ауылы n=10	Ақмола облысы, Ақкөл ауылы n=15	Ақмола облысы, Аршалы ауылы n=6
1	Еттің сыртқы түрін анықтау	Қызыл түсті, бетінде мөлдір қабықша байқалады	Қызыл, қызғылт түсті, бетінде мөлдір қабықша байқалады	Беті сәл ылғалды, жабысқақ, ет тілігіне сүзгіш қағазды жапсыру барысында таңба қалады
2	Консистенциясы	Серпімді, саусақпен	Серпімді, саусақпен	Серпімділігі орташа,

		басқандағы шұңқыршақ орны тез қалпына келеді	басқандағы шұңқыршақ орны тез қалпына келеді	саусақпен басқандағы шұңқыршақ орны 1 минут ішінде қалпына келді
3	Иісін анықтау	өзіне тән, телімді (спецификалық)	өзіне тән, телімді (спецификалық)	Ет тілігінде қышқыл иісті, жағымсыз
4	Майдың жағдайы	Ақ түсті, тығыз	Ақшыл түсті, тығыз	Ақшыл сарғыш түсті, сәл босаң
5	Сіңірдің жағдайы	серпімді ақшыл сарғыш түсті, буын беткейлерінде тегіс, жылтыр	серпімді ақшыл сарғыш түсті, буын беткейлерінде тегіс, жылтыр	Серпімділігі нашар, аздап босаған, күңгірт түсті, буын беткейлерінде сәл кілегей байқалады.

2 кесте - Зертханалық зерттеулер

№	Көрсеткіштер	Ақмола облысы, Шортанды ауылы n=10	Ақмола облысы, Ақкөл ауылы n=15	Ақмола облысы, Аршалы ауылы n=6
1		Бірен саран	Бірен саран	20-30 және одан астаммикроб

я	Бактериоскопи	микроб денешіктері кездесті	микроб денешіктері кездесті	денешіктері кездесті
2	pH	5,8±0,2	5,9±0,1	6,3±0,3
3	Аминді-аммиактыазотты анықтау	1,1±0,4	1,2±0,3	1,9±0,1
4	Ұшпалымай қышқылдарын анықтау	3,2±0,3	3,9±0,2	7,2±0,2
5	Күкірт қышқылды мыс реакциясы	Хош иісті, тұнық, мөлдір	Хошиісті, тұнық, мөлдір	Лайлы, тұнық емес, жағымсыз иісті, үлпектер кездеседі.

2 кесте - Ауытқулары бар ұшаларды қосымша зерттеу нәтижелері n=3

№	Көрсеткіштер			
	Пероксидаза сынамасы	Формоль сынамасы	Аммиакты Несслер бойынша анықтау	Күкіртсутекті анықтау
1	Теріс	Оң, пробирка түбінде үлпектер кездесті	Пробирка қызғылт түске боялды.	Оң, сіркеқышқылды қорғасынға батырылған жолақ қағаз түсі қоңыр түске айналды
2	Белсенділігі баяу	Оң, пробирка түбінде үлпектер кездесті	Пробирка қызғылт түске боялды	Оң, сіркеқышқылды қорғасынға батырылған жолақ қағаз түсі қоңыр түске

				айналды
3	Теріс	Оң, пробирка түбінде үлпектер кездесті	Пробирка қызғылт түске боялды және тұнба түзілді.	Оң, сіркеқышқылды қорғасынға батырылған жолақ қағаз түсі қоңыр түске айналды

4-кесте - Микробиологиялық зерттеулер ТР ТС 021-2011

<i>Көрсеткіштер</i>	<i>Жануарлар тобы</i>	
	<i>Ауруға шалдықпаған n=5</i>	<i>Ауруға шалдыққан n=3</i>
<i>КМАФАнМ, бактериялар саны, КОЕ/г (Гост 10444.15-94)</i>	<i>0,1x10¹</i>	<i>1,5 x10³</i>
<i>E. coli (Гост 31-747-2012)</i>	-	+
<i>Staphylococcus (Гост 31746-2012)</i>	-	+

Әдебиеттер тізімі

1 Taylor, M.A. Emerging parasitic diseases of sheep [Text]/ Vet. Parasitol. - 2012. - №2.-P.189.

2 Karlsson, L. J. & Greeff, J. C. Genetic aspects of sheep parasitic diseases [Text]/ Vet. Parasitol. -2012. –V.189. -P. 104-112.

3 Dunn AM. Veterinary Helminthology. 2nd edition. London: William Heinemann [Text]: Medical Books. 1978. – 323 p.

4 Papadopoulos E, Gallidis E, Ptochos S. Anthelmintic resistance in sheep in Europe: A selected review [Text]/ Vet. Parasitol. -2012. -189(1). -P.85-88.

5 Jacobson, C., Diarrhoea associated with gastrointestinal parasites in grazing sheep. [Text]/ Larsen, J. W., Besier, R. B., Lloyd, J. B. & Kahn, L.P. Vet. Parasitol. -2020. -P.282. 109139.

6 Abebe W, Esayas G Survey on ovine and caprine gastro-intestinal helminthosis in eastern part of Ethiopia during the dry season of the year [Text]/ Revue Vet. Med., -2001.- 152(5). -P.379-384.